Кәсіптік стандарт: «Ұшуларды тікұшақ айлағымен қамтамасыз ету (оның ішінде теңіз қондырғыларына)»

## 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:
2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар және: әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша (әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөнідегі диспетчерлік персонал, авиациялық станциялардың операторлары, мамандар); теңіз қондырғыларында орналасқан тікұшақ алаңдарында (тікұшақ айлақтарында) тікұшақтардың ұшуын жерден қамтамасыз ету бойынша (қызметкерлер, маман); азаматтық авиация саласындағы кәсіпорындарды және авиациялық оқу орталықтарын басқару бойынша қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлға.

2) Бакалавриат – тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары

3) Жер үстінен көтерулі тікұшақ айлағы – бетінен көтеріңкі тұрған конструкцияға орналастырылған тікұшақ айлағы

4) Тікұшақ палубасы – мұнай мен газды шығару үшін барлау және/немесе пайдалану қондырғысында қолданылатын ашық теңізде жылжымайтын немесе жүзбелі объектіде орналасқан тікұшақ айлағы

5) Азаматтық авиация – Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының 6-бабының 3 тармағымен белгіленген мақсаттарда пайдаланаылатын, эксперименттік және мемлекеттік авиацияның құрамына кірмейтін авиация танылады»

6) Білім – жеке және кәсіби қызметте пайдаланылатын ақпарат, нормалар

7) Нұсқаушы – өзінің біліктілігіне сәйкес кәсіби даярлау және авиция персоналының дағдыларын тексеру бойынша тікелей қызметті жүзеге асыратын тұлға

8) Біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы

9) Біліктілік бағасы – куәлікте жасалынған немесе оған қатысы бар, бір бөлігі болып табылатын жазба, онда осы куәлікке қатысты ерекше талаптар, құқықтар мен шектеулер көрсетіледі

10) Құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті

11) Практикалық даярлық – авиация персоналы мен мемлекеттік авиация инспекторларын кәсіптік даярлау процесінің кезеңі, одан өткен кезде білім алушы әуе кемесінде, пайдалану объектілерінде, жаттығу құрылғыларында, интерактивтік оқыту құралдарында, зертханалық және стендтік жабықтарда, сондай-ақ жекелеген құрылғылармен, агрегаттармен және құрамдауыштармен жұмыс істеудің тәжірибелік дағдысы мен машығын игереді, қолдайды және жетілдіреді

12) Кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт

13) Кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, машықтар мен тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі жұмысының негізгі түрі

14) Маман – азаматтық авиация саласында кәсіби және/немесе арнайы дайындығы бар жеке тұлға

15) Тағылымдама – мамандықты пркатикалық игеру, қызмет көрсету мен басқару объектілеріне бейімделу, сондай-ақ жұмыс орнында жылдам бағдарлану және жұмыстың жаңа тәсілдерін игеру мақсатында оқытуды қамтамасыз ететін тұлғаның жетекшілік етуімен жұмыс орнында оқыту

16) Еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктірілген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі

17) Біліктер – еңбек қызметі нормаларының талаптарына сәйкес келетін қызметкер бақылайтын іс-әрекеттер

18) Біліктілік деңгейі – орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігі мен жауапкершілігін сипаттайтын қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) АОО – Авиациялық оқу орталығы
2) ӘК – әуе кемесі
3) БТБА – ҚР жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы
4) ИКАО (ICAO) – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
5) СБШ – салалық біліктілік шеңбері
6) АСО – авиация станциясының операторы
7) АСНО – авиация станциясының (теңіз қондырғысының) нұсқаушы-операторы
8) КС – кәсіптік стандарт
9) ТҚМК – тікұшақты теңіз қондырғысына қондыру жөніндегі маманның көмекшісі
10) ТҚНМ – тікұшақты теңіз қондырғысына қондыру жөніндегі нұсқаушы маман

11) ТҚМ – тікұшақты теңіз қондырғысына қондыру жөніндегі маман

## 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Ұшуларды тікұшақ айлағымен қамтамасыз ету (оның ішінде теңіз қондырғыларына)
5. Кәсіптік стандарттың коды: H51101025
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
H Көлік және қоймалау
51 Әуе көлігінің қызметі
51.1 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі
51.10 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі
51.10.1 Кестеге бағынатын жолаушылар әуе көлігінің қызметі
H Көлік және қоймалау
51 Әуе көлігінің қызметі
51.1 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі
51.10 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі
51.10.2 Кестеге бағынбайтын жолаушылар әуе көлігінің қызметі
H Көлік және қоймалау
51 Әуе көлігінің қызметі
51.2 Жүк әуе көлігі және ғарыш көлігінің қызметі
51.21 Жүк әуе көлігінің қызметі
51.21.1 Кестеге бағынатын жүк әуе көлігінің қызметі
H Көлік және қоймалау
51 Әуе көлігінің қызметі
51.2 Жүк әуе көлігі және ғарыш көлігінің қызметі
51.21 Жүк әуе көлігінің қызметі
51.21.2 Кестеге бағынбайтын жүк әуе көлігінің қызметі
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Тікұшақ айлақтарына тікұшақтардың ұшуын қауіпсіз қамтамасыз етуге байланысты әуе көлігі саласында білікті қызметтер көрсетуге бағытталған авиация персоналының қызметін қамтиды.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Авиациялық станция операторы - 4 СБШ-нің деңгейі
2) - 4 СБШ-нің деңгейі

## 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. Кәсіптің карточкасы «Авиациялық станция операторы»: | | | |
|---|---|---|---|
| Топтың коды: | 3154-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3154-0 | | |
| Кәсіптің атауы: | Авиациялық станция операторы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>- | Мамандық:<br>- | Біліктілік:<br>- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Азаматтық авиация саласындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Тікұшақ айлақтарына ұшуды қауіпсіз және тиімді орындау үшін ӘК экипажына (оның ішінде метеорологиялық) қажетті консультациялар мен ақпарат беру бойынша міндеттер спектрін тікелей орындау | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Ұшу қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті консультациялар мен ақпарат беру<br>2. Іздестіру-құтқару қызметтерінің көмегіне мұқтаж ӘК туралы тиісті ұйымдарды хабардар ету және осындай ұйымдарға қажетті көмек көрсету |
| | Қосымша еңбек функциялары: | |
| Еңбек функциясы 1:<br>Ұшу қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті консультациялар мен ақпарат беру | Дағды 1:<br>ӘК экипажына тікұшақ айлағын және жабдықты пайдалануға байланысты ақпарат беру | Машықтар: |
| | | 1. Жұмыс орнында радионавигациялық жабдық пен байланысты, сондай-ақ жарық сигналдық жабдықты жұмысқа қабілеттілігін тексеру және пайдалану.<br>2. Радиоалмасу фразеологиясының ережелеріне сәйкес "Әуе – Жер" радиобайланысын жүзеге асыру.<br>3. Радиоалмасу және әуе мен теңіз кемелерінің қозғалысы туралы ақпаратты жазу үшін журнал жүргізу.<br>4. Тікұшақ айлағы бойынша мынадай ақпаратты анықтау және ӘК экипажына ұсыну:<br>- тікұшақ айлағы ауданында кедергілердің болуы туралы ақпарат (турбиналар, генераторлар және т. б.);<br>- тікұшақ айлағындағы радиотехникалық құралдар мен жарық сигналдық жабдықтардың жұмысы туралы ақпарат;<br>- тікұшақ айлағы ауданындағы орнитологиялық жағдай туралы ақпарат;<br>- тікұшақ айлағының техникалық жарамдылығы туралы ақпарат;<br>- тікұшақ айлағында ӘК-нің ұшып көтерілуін және қонуын қауіпсіз орындау үшін кез келген басқа тиісті ақпарат (крен, дифферент, теңіз қондырғысының, кеменің тігінен орын ауыстыруы ;<br>- қашықтықтан басқару пульттерінің, сондай-ақ ұшып көтерілу мен қонуды орындау үшін қажетті көзбен шолу құралдарының көмегімен алынған ақпаратқа сәйкес көзбен шолу емес навигациялық құралдардың пайдалану жай-күйі бойынша (тікұшақты қондыру жөніндегі маманның баяндамалары бойынша). |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Ұшуды орындауды регламенттейтін ҚР НҚА.<br>2. Жұмыс технологиясын, өзінің жұмыс пунктінде жұмысты орындау ерекшеліктерін, басқа да регламенттеуші құжаттар мен нұсқаулықтарды.<br>3. ӘК қызмет көрсетілетін түрлерінің тактикалық-техникалық сипаттамалары.<br>4. Тікұшақ айлағының және ондағы жабдықтың тактикалық-техникалық сипаттамалары.<br>5. Тікұшақ айлағының радионавигациялық және жарық техникалық жабдықтарын пайдалану және оны практикалық жұмыста қолдана білу.<br>6. Әуе және теңіз кемелеріне және жер үсті көлік құралдарына қызмет көрсетуді ұйымдастыру ережелері мен әдістері.<br>7. Радионавигациялық жабдық жұмысының негіздері мен принциптері.<br>8. Радионавигациялық жабдықтың және авиациялық электр байланысы құралдарының тактикалық-техникалық сипаттамалары.<br>9. Авиациялық станциядағы электр байланысы жабдықтарының принциптері, пайдаланылуы және шектеулері.<br>10. Радио алмасу фразеологиясының ережелері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |

| | | |
|---|---|---|
| | Дағды 2:<br>Әуе кемесінің экипажына және ұшуды қамтамасыз етумен айналысатын басқа ұйымдарға метеорологиялық ақпарат беру | Машықтар: |
| | | 1. Жұмыс істеу қабілетін тексеру және жұмыс орнында метеорологиялық жабдықты пайдалану.<br>2. Тікұшақ айлағы бойынша мынадай метеорологиялық ақпаратты анықтау және ӘК экипажына ұсыну:<br>- жерге жақын желдің бағыты мен жылдамдығы туралы, оның ішінде олардың елеулі өзгеруі туралы соңғы деректер;<br>- QFH қысымы бойынша биіктік өлшегішті орнату үшін деректер, сондай-ақ ӘК экипажының сұрауы бойынша QNE қысымы бойынша биіктік өлшегішті орнату үшін деректер;<br>- тікұшақ айлағындағы ауа температурасы туралы деректер;<br>- егер ол 10 километрден аспаса, ұшып көтерілу және бастапқы биіктікті алу бағыты бойынша немесе қонуға кіру және қону аймағы бойынша минималды көріну туралы деректер немесе егер АСО ақпарат алса, тиісті жағдайларда;<br>- ұшу және биіктік алу аймағындағы немесе қонуға кіру және қону аймағындағы қауіпті метеорологиялық жағдайлар.<br>Әуе кемесінің ұшып шығуы әуежайын метеорологиялық қызметіне және ұшуды орындайтын авиакомпанияның тағайындалған өкіліне дисплейден оқуға және белгіленген уақытта тікұшақ айлағындағы нақты ауа райы туралы метеорологиялық ақпаратты (METAR коды форматында) беруге міндетті. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. ӘК ұшуы үшін қауіпті метеожағдайлардың түрлері.<br>2. Тікұшақ айлағының метеорологиялық жабдықтарының техникалық деректері, тәртібі және пайдалану.<br>3. Пайдаланылатын авиациялық метеорологиялық кодтар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |
| Еңбек функциясы 2:<br>Іздестіру-құтқару қызметтерінің көмегіне мұқтаж ӘК туралы тиісті ұйымдарды хабардар ету және осындай ұйымдарға қажетті көмек көрсету | Дағды 1:<br>Теңіз қондырғысының (кеменің) авариялық-құтқару командасын, кезекші кемені және жақын жердегі ӘҚҚ органын хабардар ету мақсатында іздестіру және құтқарудың үйлестіру орталығын | Машықтар: |
| | | 1. ҚР НҚА және халықаралық нормативтік актілерге сәйкес белгіленген авариялық жиіліктерді бақылау.<br>2. Картада координаттар, азимут және қашықтық бойынша апатқа ұшыраған ӘК орнын анықтау.<br>3. Теңіз қондырғысының (кеменің) авариялық-құтқару командасын, кезекші кемені және жақын жердегі ӘҚҚ органын авариялық хабардар етуді жүзеге асыруға міндетті.<br>4. Жауапкершілік аймағында тікұшақ айлағы бар басқа да теңіз қондырғыларының АСО және ӘҚҚ органымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға міндетті.<br>5. Апат туралы ақпарат алған жағдайда, теңіз қондырғысында тікұшақ айлақтарына ұшуды орындайтын авиакомпанияның жауапты тұлғасына хабарлау. |
| | | Білімдер: |
| | | 1. Ұшу ережелері және әуе навигациясы негіздері.<br>2. ӘК және теңіз кемелері апат болған жағдайда берілетін белгіленген авариялық жиіліктер мен сигналдар.<br>3. Әрбір ықтимал авариялық жағдай үшін авариялық ден қою жоспары, ұшудағы ерекше жағдайлар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Орындаушылық<br>ұқыптылық<br>зейінділік<br>тәртіп<br>жауапкершілік<br>тілдерді үйрену қабілеті<br>білім алу қабілеті<br>коммуникативтік<br>дамуға уәжділік | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ-нің деңгейі: | Кәсіптің атауы: | |
| | 4 | Авиациялық станцияның операторы-нұсқаушысы | |
| 10. Кәсіптің карточкасы «»: | | | |
| Топтың коды: | 3154-0 | | |
| Қызмет атауының коды: | - | | |
| Кәсіптің атауы: | | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі:<br>ТжКБ (орта деңгейдегі маман) | Мамандық:<br>- | Біліктілік:<br>- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1.<br>2. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | | |
| Еңбек функциясы 1: | Дағды 1: | Машықтар: | |
| | | | |
| | | Білімдер: | |
| | | | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| | Дағды 2: | Машықтар: | |
| | | | |
| | | Білімдер: | |
| | | | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Еңбек функциясы 2: | Дағды 1: | Машықтар: | |
| | | | |
| | | Білімдер: | |
| | | | |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | - | |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Жауапкершілік<br>Дәлдік | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | | | |

<table>
<tr><td rowspan="2">СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:</td><td>СБШ-нің деңгейі:</td><td>Кәсіптің атауы:</td></tr>
<tr><td>4</td><td></td></tr>
</table>

## 4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

11. Мемлекеттік органның атауы:
Қазакстан Республикасының Көлік министрлігі
Орындаушы:
, ,
12. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
«KAZLOGISTICS» Қазақстанның көлік Одағы
Жоба жетекшісі:
Абсатов Е.С.
E-mail: info@kazlogistics.kz, statsurina@kazlogistics.kz
Телефон нөмірі: +7 (717) 260 04 38
13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:
14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 16.01.2024 г.
15. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
16. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2022 г.
17. Болжалды қайта қарау күні: 31.12.2025 г.